

Кагазбекова С.Б.¹, Затов Қ.А.², Әділбаева Ш.А.³

¹докторант, e-mail: paradise-gannat@mail.ru

²ф.ғ.д. профессор, e-mail: kairat_1966@list.ru

³PhD, қауымд. проф., e-mail: shamshat_nmu@mail.ru

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Қазақстан, Алматы қ.

ҚАЗІРГІ ИСЛАМ ЕЛДЕРІНДЕГІ ГЕНДЕРЛІК ҚАТЫНАСТАРДЫ ИНТЕРПРЕТАЦИЯЛАУ

Мақалада ислам дінін ұстанатын елдердегі гендерлік қатынастардың қалыптасуы мен одан туындайтын мәселелер және осы мемлекеттердегі гендерлік қатынастардың ерекшеліктері сипатталады. Мұсылман қоғамында орын алған феминистік қозғалыстарға әсер ететін әлеуметтік-мәдени, діни контекстердегі гендерлік ұстанымдардың ықпалы мен динамикасы айқындалады. Мұсылман елдеріндегі әйелдердің әлеуметтік рөлі мен отбасындағы мәртебесі, білім алу, қызмет ету, қоғамдық құрылымдар мен қозғалыстарға қатысу мүмкіндіктері және өмірдің әртүрлі салаларында гендерлік теңсіздіктердің сақталуы мен көрінісі сарапталады. Мақалада мұсылман мемлекеттері айқындалып, солардың бірі Түркия мен Египет Араб Республикаларындағы гендерлік мәселелерді талдауға басымдылық берілді. Исламға дейінгі түрік қоғамындағы, Осман империясы мен Түркия Республикасы кезеңдеріндегі әйел статусына салыстырмалы анализ жасалды. XX ғасырдың соңы мен қазіргі уақытқа дейінгі Египет Араб Республикасындағы гендерлік мәселелерге талдау жасалады.

Түйін сөздер: гендер, феминизм, ислам, әйел, дін, мәдениет, мемлекет, мұсылман қоғамы.

Kagazbekova S.B.¹, Zatov K.A.², Adilbayeva Sh.A.²

¹PhD student, e-mail: paradise-gannat@mail.ru

²doctor of Philosophy science, professor, e-mail: kairat_1966@list.ru

³PhD, associate prof., e-mail: shamshat_nmu@mail.ru

Egyptian university of Islamic culture Nur-Mubarak, Kazakhstan, Almaty

Interpretation of gender relations in modern Islamic countries

The article discusses gender relations in Muslim society. Was given comparative analysis of feminist movements in Muslim society and the levels of gender relations in these countries. The dynamics of gender stereotypes in socio-cultural and religious contexts and their influence on feminist movements in Muslim society are determined. The social role and marital status of women, education, participation in social structures and movements and observance of gender inequality in various spheres of life in Muslim countries are considered. The article analyzes gender relations of Muslim states in particular in Turkey and Egypt. Was carried out comparative analysis of the situation of women in the pre-Islamic Turkish society, during the Ottoman Empire and in the modern Turkish Republic. Has also been made a brief analysis of gender issues in the Arab Republic of Egypt from the end of the twentieth century to the present.

Key words: Gender, feminism, Islam, women, religion, culture, state, Muslim. society.

Кагазбекова С.Б.¹, Затов Қ.А.², Әділбаева Ш.А.³

¹докторант, e-mail: paradise-gannat@mail.ru

²д.ф.н., профессор, e-mail: kairat_1966@list.ru

³PhD, ассоц.проф., e-mail: shamshat_nmu@mail.ru

Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Казakhstan, г. Алматы

Интерпретация гендерных отношений в современных исламских странах

В статье рассматриваются гендерные отношения в мусульманском обществе. Дан сравнительный анализ феминистских движений в мусульманском обществе и уровни гендерных отношений в этих странах. Определена динамика гендерных стереотипов в социокультурном и религиозном контекстах и их влияние на феминистские движения в мусульманском обществе. Рассмотрены социальная роль и семейное положение женщин, образование, участие в социальных структурах и движениях и соблюдение гендерного неравенства в различных сферах жизни в мусульманских странах. В статье проанализированы гендерные отношения в мусульманских государствах, в частности в Турции и Египте. Проведен сравнительный анализ положения женщин в доисламском турецком обществе во время Османской империи и в современной Турецкой Республике. А также сделан краткий анализ гендерных вопросов в Арабской Республике Египет за период с конца двадцатого века по настоящее время.

Ключевые слова: гендер, феминизм, ислам, женщины, религия, культура, государство, мусульманское общество.

Кіріспе

XX ғасырдың соңғы онжылдықтарында мұсылман қоғамы мен мәдениетіндегі әйелдің әлеуметтік рөлі мен статусы мәселелері жеткілікті ескеріле бермейтін. Мұсылман әлеміндегі әйелдерге қатысты батыстық зерттеулердің басымы көпшілігі қоғамдағы әйелдердің «дұрыс» орны, діни ұстанымдары мен көзқарастарын сақтай отырып қазіргі өмір ағымы мен талаптарына сай тұрмыс кешуге болады деген мәселелер төңірегіне тоғысатын. Өткен ғасырдың 70-ші жылдардың соңына қарай аталған мәселелерге қатысты әлеуметтік зерттеулердің қарқыны артты, ал 1980 жылдардың соңында мұсылман қоғамдарындағы әйелдерге қатысты ағартушылық ауқымы кеңейе түсті. 1990 жылдары гендерлік және ислам мәселелеріне қызығушылық танытқан ғалымдардың қатары көбейіп, мұсылман әйелдер туралы мақалалар жарықкөре бастады (Haddad, 1997:97). Мұсылман қоғамындағы әйелдер мәселесіне қатысты ауқымды зерттеулердің қарқынды жүргізілуіне серпін берген екі негізгі факторды атап көрсетуге болады. Біріншісі – 1970 жылдардан басталған бүкіл әлемдік әйелдер қозғалыстарының пайда болуы, әйелдердің құқықтары мен гендерлік теңдікті қозғайтын белсенділер қатарының артуы. Екіншісі – ұлттық үкімет пен халықаралық ұйымдардың экономикалық даму мүддесі еді. Әйелдердің бастамасымен үкіметтік ұйымдар ана денсаулығы, бала туу және т.б. ауқымды мәселелерді әйелдердің әлеуметтік-мәдени

дамуының маңызды элементтері ретінде қарастыра бастады. Әйелдер қозғалысы мен белсенділігінің артуы әлеуметтік ғылымдар саласындағы сапалы зерттеулердің қарқын алуына түрткі болды. Әртүрлі салалар мен бағыттар бойынша әлеуметтік ғалымдар әйелдердің «көрінбейтіндіктерін» жоюды, әйел теңсіздігін және қоғамдық ортада белсенділік арттыру секілді көптеген мақсаттарға қол жеткізуді алға қойды. Әлеуметтанушылар әйелдердің рөлі мен отбасындағы мәртебесі, білім беру, жұмыспен қамтамасыз ету, қоғамдық құрылымдар мен қозғалыстарға қатысты айтарлықтай жұмыс жасады және өмірдің әртүрлі салаларында гендерлік теңсіздіктердің қаншалықты бекіп, сақталғандығын қарастырды (Fetree, Khan, Morimoto, 2005:23). Әйелдерге бағытталған әртүрлі әлеуметтік ғылымдарға негізделген мұндай зерттеулер бастапқыда Америка Құрама Штаттары мен Еуропада пайда болған еді, бірақ он жылдан астам уақыт ішінде әйелдердің реформалық және феминистік белсенділік ұйымдары Батыспен қатар мұсылман әлемінде де бірқатар аймақтарына тарала бастады. Мұсылман әлемінде әйел мәселесіне деген ғылыми қызығушылықтың кеңеюі арнайы оқу орындары мен академиялық зерттеу орталықтарының пайда болуына ықпал етті («Women in Muslim States and Politics»). Араб әлеміндегі алғашқы зерттеу орталықтары Мысырда (Каир) және Ливанда (Бейрут) құрылды (Saad Eddin Ibrahim, 2000:129). 2000 жылы Иордания университетінде әйелдерге арналған аспирантура ашылды. 1995

жылы Палестинаның Бир Зейт университетінде әйелдерді зерттеу институты құрылды. Араб және мұсылман әлемі тұрғысынан алғанда, басқа жерлердегідей, Біріккен Ұлттар Ұйымы әйелдер мен адам құқықтарының жергілікті желілерін қолдауға, сондай-ақ әлеуметтік зерттеулерді ынталандыруға қолдау көрсетті. 1995 жылы Каирде Халықты дамыту жөніндегі халықаралық конференция (ICPD), 1995 жылы Копенгагенде Дүниежүзілік әлеуметтік даму саммиті (WSSD) және Пекиндегі әйелдерге арналған төртінші дүниежүзілік конференциялар сериясы отандық және аймақтық зерттеулерде гендер мәселесіне ерекше назар аударды. Бүгінгі күндері де осындай дүниежүзілік конференциялар мен әртүрлі жиындар араб әлеміндегі және одан тыс аймақтардағы мұсылман әйелдерінің әлеуметтік жағдайы назардан тыс қалған емес (Women's Studies in the Arab World, 1998:9). Мұсылман қоғамдарында діни негіздегі заңдардың сақталуы «гендер» мәселесі төңірегіндегі діни пікір таластарды жалғасуына себеп болып отыр. Бұл елдерде гендерлік мәселеге ислам дінінде орын алған әйел мәртебесі тұрғысынан қарау ұсынылып отырған зерттеу мақаласының негізгі принципі болып саналады.

Әдіснама

Бүгінгі таңда әйелдің қоғамдағы орны, әсіресе мұсылман елдеріндегі әйел статусы, гендерлік мәселелер – әлемдік дәрежеге көтерілген өзекті мәселелердің бірі. Осындай қоғам үшін маңызды болған мәселені зерттеу барысында тарихи және логикалық, герменевтикалық-компаративистикалық, жүйелі-құрылымдық, кросс-мәдени тәсілдерді қолдандық. Осы тәсілдер гендерлік қатынастардың дамуына әсер еткен саяси факторларды талдауға мүмкіндік береді.

Аталған тақырып төңірегінде зерттеу жүргізген отандық ғалымдар саусақпен санарлық. Сол себепті бұл мәселені отандық дінтану ғылымы аясында қарастырып, талдау және ғылыми айналымға енгізу аталған ғылым логикалық және саласының дамуына өзіндік үлесін қосары сөзсіз.

Негізгі бөлім

Әлеуметтік ғылымдар саласындағы және Таяу Шығыстағы әйелдер мәселесіне қатысты зерттеулер секілді бірқатар бағыттар зерттеу жүргізген ғалымдар ислам елдеріндегі әйелдердің статусын көтеруге өз үлестерін

қосты. Көптеген зерттеулердің ауқымы – заң, демография және қоғамдық денсаулық, неке және отбасы, экономикалық өмір және саясатты қамтыды. Бұл зерттеулер – мұсылман әйелінің құқығы және оның нақты жүзеге асуы, демографиялық өзгерістер, туудың төмендеуі және неке жасын ұлғайту, білім берудегі гендерлік теңсіздікті жою, гендерлік зорлық-зомбылықтың таралуы, мұсылмандық киім (хиджаб), әйелдердің жұмысқа орналасуы, саяси шешімдер қабылдаудағы өкілеттігі және «фундаментализм» мен «феминизмнің» әйелдердің мәртебесі мен әлауқатына әсері сияқты тақырыптарды қамтыды. Мұсылман қоғамының зерттеушілері мұсылман елдерінің гендерлік қатынастарын «классикалық патриархаттық белдеу» ретінде қарастырады (John C. Caldwell, 1988:90). Патриархаттық гендерлік жүйе – Азия мен Солтүстік Африканың елдерінде қалыптасқан. Патриархалдық белдеу Солтүстік Африкадан мұсылман Таяу Шығысқа (Түркия мен Иранды қоса алғанда) Оңтүстік және Шығыс Азияға (Пәкістан, Ауғанстан, Үндістанның солтүстігі мен Қытайға) созылады. Патриархаттық белдеудегі мұсылман қоғамында Құран және басқа да қасиетті жазбаларға негізделген заңдылық пен жыныстық сегрегация гендерлік жүйенің бір бөлігі болып табылады (Moghadam, 2004:63). Патриархаттық қоғамдағы гендерлік сипаттамаларды, әсіресе, отбасы мен некеге қатысты мәселелерді зерттеушілер мұсылман қоғамы мен батыс қоғамымен салыстыра отырып зерттеп, өмір ерекшеліктерін айқындайды. Қазіргі уақытта мұсылман қоғамдарындағы әйелдер өмірінің негізгі өлшемдері мұсылман емес елдердегі әйелдердегі сияқты кең ауқымды үрдістерге ие, «дәстүрлі» және қоғамдағы «заманауи» рөлдер қатар жүруде. Демографиялық өзгерістер, бала туылуының төмендеуі (қазіргі контрацепцияның қабылдануы) және неке жасының ұзартылуы және кешіктірілуін осындай үрдістердің мысалы ретінде қарастыруға болады. Таяу Шығыс пен Солтүстік Африка (MENA), Оңтүстік Азия және Оңтүстік-Шығыс Азия аймағындағы мұсылман әйелдерінің отбасы құруды жоспарлауы, бала тууды шектеуі, некені кейінге қалдыруы мәселелері жиілеп кеткен. Кейбір ұлттарда, соның ішінде консервативті ислам республикасы саналатын Иранда «демографиялық ауысу», яғни бала туудың бәсеңсігені байқалады, білім берудегі гендерлік кемшіліктер де азайған. Араб елдерінде әйелдердің өндірістік әлеуетін жақсартуға бағытталған білімге деген елеулі инвестициялар кейбір деңгейлердегі

қиыншылықтарды жойды, ал Оңтүстік-Шығыс Азияда әйелдердің жалпы білім беру мектептеріне оқуға түсуі 1960 жылдан бері айтарлықтай өсті. Осындай кең ауқымды үрдістердің зерттелуі мұсылман әйелдеріне әсер етті, олар ислам қоғамдарындағы әйелдерге арналған әлеуметтік ғылыми жұмыстардың ұлғаюының бастамасы болды. Көптеген зерттеушілер жалпы үрдістерді анықтаудан алыс болуға тырысты. Олар әйелдердің позицияларындағы өзгерістер мен өзгермелілікті қалыптастыруға және олардың барлық түрлерінде әйелдердің өмірін терең түсінуге үлес қосуға бағытталған жұмыстардың динамикасын түсінуге ұмтылды. Ислам қоғамдарындағы әйелдердің позициялары мен жағдайлары сапалық және сандық зерттеу әдістері арқылы сипатталады.

Антропологтар жүргізетін *сапалық зерттеу* жұмыстары мұсылман әйелдерге арналған эмпирикалық жұмыстың негізгі бөлігін құрайды. Олар қоғамдық ортадағы жұмыстар мен оған қатысушыларды бақылау, ауызша әңгімелесу және сұхбат сияқты басқа да деректер жинау әдістемелерін қамтиды. Бұл этнографиялық зерттеулер әйелдердің нақты талпыныстарымен, сондай-ақ олардың жиі ұшырайтын шектеушіліктерге қарсы тұру және (немесе) оларды жеңу үшін әзірлеген стратегияларын ашады.

Сандық зерттеулер керісінше, әртүрлі факторлардың арасындағы, мысалы экономика, діни көзқарастар және мәдени құндылықтар арасында себеп-салдарлық және (немесе) корреляциялық үлгіні анықтау арқылы әлеуметтік құбылыстардың жай сипаттамасынан тыс болады. Мұсылман әйелдерге қатысты типтік зерттеу тақырыптары діни сенімдердің, мінез-құлық немесе ресми еңбек нарығына шығу сияқты экономикалық шешімдерге айтарлықтай әсер ететіндігін қамтиды. Осындай сұрақтарды шешкен кезде зерттеушілер әлеуметтік ғылымдардағы «түсініктеме» туралы негізгі сұрақтарға жауап береді, олар қалай және қандай дәрежеде әсер ететінін анықтайды (Olmsted, 2003:73). Микро және макро әлеуметтік үрдістерді бағалайтын сапалық және сандық тәсілдер ислам қоғамдарындағы әйелдерді зерттеуге зор үлесін тигізеді.

Аймақтық ерекшеліктерге сай мұсылман қоғамындағы әйел мәселесін зерттеудің дифференциалды әдістемесі ислам елдеріндегі әйелдер мәселесін түсінуге біршама әсер етеді, өйткені ислам әртүрлі өңірлерде әртүрлі дамыған. Мысалы, Оңтүстік-Шығыс Азия мен Таяу Шығыстың өз айырмашылықтары бар (Reid, 1993:132-201).

Гендерлік теңсіздікпен күресу мәселесі ислам қоғамындағы жаңа бағыттардың бірі. Батыс елдерінің әйелдері әйел теңсіздігіне қатысты көптеген тарихи оқиғаларды бастан өткерген (Mir-Hosseini, Hamzic., 2010:49). Осы тұрғыда мұсылман елдерінің әлеуметтік, саяси және экономикалық жағынан да және гендерлік теңсіздік тұрғысынан да біраз артта қалғандығын байқаймыз (Baderin, 2007, Moustafa, 2011:21-25). Алайда, ислам дінінде әйелді кемсітуге жол берілмейді (Chase, 2007:14). Ислам дінінің негізгі алғышарттарының бірі – адам теңдігі мен құқықтары (Gates and Steane, 2009:25). 2015 жылы мәліметтер бойынша орташа есеппен әлемде 1,7 миллиард мұсылман өмір сүреді. Әр жерде ислам дінін ұстанатын мұсылмандар бар. Оның ішінде 40 миллион мұсылман Еуропада, ал басым көпшілігі Азия мен Африкада тұрады. Ең көп мұсылман халқы тұратын жиырма мемлекеттің он бірі – 95% ислам дінін ұстанатын мұсылмандар. Ал оның ішіндегі екі мемлекеттің 85% мұсылман болса, 95% ұлт тұрғындары екен.

Әлемдегі ең көп мұсылман халқы өмір сүретін мемлекеттер (2015 жылғы деректер бойынша): Индонезия – 221 млн, Үндістан – 177 млн, Пәкістан – 176 млн, Бангладеш – 144 млн, Нигерия – 88 млн, Египет – 80 млн, Иран – 77 млн, Түркия – 74 млн, Эфиопия – 46 млн, Алжир – 36 млн (электорнды ресурс, 2015).

Аталған мұсылман елдерінде гендерлік теңдік көрсеткішінің дәрежесі жоғарғы да, сондай-ақ өте төмен де емес. 1970 жылдардың ортасынан кейін жыныстық жіктеу деректері басымдыққа ие болды. Сауаттылық деңгейі, мектепке қабылдау, жұмысқа орналасу, денсаулық сақтау, тамақтануға қолжетімділік және балалар өлімі сияқты әлеуметтік көрсеткіштер орташа мәнде емес, жынысы бойынша сарапталды. Әйелдерге қатысты деректер мен статистикалық жинақтар туралы осындай ақпараттардың макроэкономикалық статистикасының негізгі көздері БҰҰ-ның білім беру, ғылым және мәдениет ұйымдарының (ЮНЕСКО) және БҰҰ-ның Әлемдік қорының деректер базасымен Біріккен Ұлттар Ұйымының жүйесі болып табылды. БҰҰ 212 елдегі әйелдердің ахуалы туралы халықаралық статистиканың CD-ROM-ында компиляция жасайтын WISTAT-ты шығарады (WISTAT, 2000:5). 2002 жылы Мағребтен Парсы шығанағына дейін Араб Одағына мүше 22 мемлекетке арналған «Араб мемлекеттері үшін адам дамуы» атты бірінші аймақтық баяндамасы жарық көрді. Соңғы үш онжылдықта адам дамуындағы прогресті зерделей отырып,

баяндамада әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейту, бостандық және білім саласындағы кемшіліктерді анықтайтын бірнеше облыстарда айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізген елдер аясында баяндамалар жасалады. Мұсылман әлемінде заң – діннің негізінде жүргізілетін құқықтық жүйенің құрамдас бөлігі, ал Иран, Малайзия, Алжир, Бангладеш, Судан, Ауғанстан, Ирак, Нигерияда немесе басқа жерлерде ислам дінінің негіздері үлкен сұранысқа ие. Құран және исламның өзге де қасиетті мәтіндері бұл елдерде құқықтық жүйенің негізгі қайнар көзі болып табылады. Бүгінгі таңда ислам қоғамдарындағы құқықтық жүйелердің барлығы дерлік дуальды жүйелер. Сондай мемлекеттердің қатарында Түркия мен Тунисті мысалға келтіруге болады (Nagat El-Sanabary, Nelly P. Stromquist, Karen Monkman, 1998:23). Дуальды жүйелер бір жағынан батыстың азаматтық кодексіне, ал екінші жағынан шарифат заңына негізделген. Алғашқы заңдастыруда шарифат заңын исламдық отбасы құқығы етіп, ал Османлы заңы ретінде отбасы құқығы туралы алғашқы кодтау 1917 жылы жүргізілді (Moors, Margaret, Meriwether, Tucker, 1999:151). Шарифат заңы дуальді жүйенің бір бөлігі ғана болып табылады, өйткені қазіргі заманғы мемлекеттердің жұмысына қатысты көптеген мәселелер ашық көрсетілмеген (Esposito, DeLong-Bas, 2001:37). Шарифат заңдары, көбінесе, жеке мәртебені реттейтін құқықтық жүйенің бөлігі ретінде сақталады: неке, ажырасу, балаларға қамқорлық, мұрагерлік құқығы және т.б. Мұсылман әйелдерінің құқықтық жағдайына қатысты ғылыми еңбектің маңыздылығы әртүрлі заң түрлеріндегі құқықтық жүйелерде талқылануда. Әдетте, жүйелер қосарланған болса да, олар батыстың әсерін байқатады. Бұл халықтардың азаматтық кодекстеріне француз, швейцариялық және бельгиялық элементтер қосылған. Жергілікті баламалардың болуына байланысты Батыстың әсерінен отбасылық құқықтың аумағы көптеген факторлармен қиындай түседі. Отбасылық заңдар мұсылман әлемінде кодификацияланған және модернизацияланған кезде, отбасылық қарым-қатынастармен ерекшеленетін бірнеше суннилік мектептерге (Ханафи, Малики, Ханбали, Шафии) қатысты және шииттік мектептердегі екі заң (Джафари және Зайди мазхабтары) негізге алынады. Сонымен қатар, отбасылық заңдар жергілікті исламға дейінгі немесе тайпалық / этникалық әдет-ғұрыптық заңдардың ерекшеліктерін, сондай-ақ батыстық заңнамалық ерекшеліктерін ислам құқықтық

мектептерінің элементтерін біріктіреді (Hallaq, 2005:4). Мұсылман қоғамын зерттегенде оны діннен бөлек қарастыруға болмайды (Савельева, 2015:102).

Мақаламызда көрсетілген әлемде мұсылман халқы ең көп шоғырланған алғашқы ондықтың ішіндегі кейбір елдердегі гендерлік қатынастарға нақтырақ тоқтала кетсек.

Ислам келгенге дейінгі түрік әйелі: Исламға дейінгі түрік әйелдерінің жағдайы туралы Орхон ескерткіштерінен, ибн Фадлан және ибн Баттута секілді мұсылман әлемін шарлаған саяхатшы еңбектерінен және көне дастандардан біле аламыз. Бұл әдебиеттерде берілген әйелдер екі дәрежеде: батылдық және аналық дәрежеде көрсетіледі (Gökalp, 1976:139). Исламға дейін түркілер арасында ең кең жайылған наным-сенім шаманизм еді. «Yerin yaratılış» аңызында да Ақ ана, Ұмай қатты құрметтейтін болған. Әйелдер мемлекет рәсімдеріне, той-думандарға еркектермен бірдей қатысқан. Исламға дейін түрік әйелдері бөтен еркекпен оқшауланбай, олардың жанында бірге өмір сүргендерін байқаймыз. Қыз балалардың ұлдар секілді атқа мініп, оқ ата білгендіктерін олардың соғыстарға да қатысып батыл болғандықтарын байқаймыз. Атақты түрік социологы Зия Гёкальптың айтуы бойынша ежелгі түркілердің әйелдері амазондар еді. Шабандоздық, қылыштасу, батылдық секілді қасиеттер түрік әйелінің бойынан табылатын. Әйелдер сарай сакшысы, губернатор, елші де бола алатын (Gökalp, 1976:140). Қорқыт ата хираяларында «әйел жоғарыдағы көрсетілген қасиеттермен қоса атқа мініп, оқ атып, қылышын серпініп керек болса дұшпанымен соғысқан», – деп келтіріледі (Ergin, 2003:184). Сондай-ақ мемлекеттің экономикалық, саяси, әлеуметтік жағдайында билеуші хакан мен қатар оның әйелінің де сөзі маңызға алынатынын байқаймыз. Заңды бұйрықтарда хаканмен қатар әйелінің де қолы қойылмаған болса, ол заңдар күшіне енгізілмейтін болған (Altindal, 1994:9). Мемлекеттік байланыстар, елші қабылдау рәсімдері, соғыс кеңестеріне патша әйелі қатысатын болған. Патша әйелдерінің арасында мемлекеттік саясатқа араласып, мемлекет басшысының орынбасы болған әйелдер де болған (Afet İnan, 1968:34).

Ислам келгеннен кейінгі түрік әйелі: Бұл кезең Селчуктер және Осман империясы кезеңіндегі әйелдер деп екіге бөліп қарастырылады. Селчуктер кезеңі қоғам өміріне ислами элементтердің жаңадан енгізіле бастаған кезі еді. Олар бұрынғы түркі дәстүрінде әйелдерге берілген құқықтар

бойынша жалғастырды. Селчуктер кезеңіндегі Гефхер Несибе хатун, саяси ұйымдарда тапсырма алған Тегрул мырзаның әйелі Алтын жан хатун, Меликшахтың жары Теркен хатундар мысал бола алады (Şefika Kurnaz, 1996:13).

Осман империясы кезіндегі түрік әйелі басқа да ислам қоғамындағы әйелдер секілді еркектерден оқшау өмір сүрді. Олардың жеке өздері басқаратын әлеуметтік иерархиясы, өздеріне тән ұйымды басқару жүйесі болды (Krader, 1963:167). Бұл кезеңдегі түрік әйелі қоғамдық ортада өз келбетін және іс әрекетін көрсете алмайтын еді. XVI-XVII ғасырларда түрік әйелі қоғамдық ортада беттерін жауып жүрген (Clark, for Faithorne, Adamson, Skegnes, 2015:57). Алайда, бұл салт барлықтарында бірдей сақталған жоқ, көбіне жоғары тап өкілдері тән еді (Levy, 1957:128). Осман империясы кезінде әйел статусы танзимат жарлығына дейін еш қозғалмаған еді. Танзимат жарлығы біртіндеп әйелдердің құқықтарын көтере бастады (Акава, 1998:35). Бұл жарлық негізінде батысты үлгі ете отырып, түрік қоғамындағы отбасы және әйел статусына өзгерістер енгізуді көздеді (Kırkınar, 2009:357).

Ең алғаш әйелдер арасында роман жазған Ахмет Жевдет пашаның қызы Фатма Алие болды. Ол әйелдердің құқығы жайлы ойларын «Nisvan-I Islam» атты еңбегінде жазған. (Tuman, 1996:13). 1859 жылы Стамбулдағы Сұлтан Ахметте ең алғаш қыздар орта мектебі ашылды. Қыздарға арналған ең алғашқы лицей 1880 жылы, Абдулхамид уақытында ашылды. Онда түрікше және жалпы мәдениет дәрістерінен басқа ағылшын, француз, неміс тілдері, музыка және қолөнер сабақтар да қоса жүргізілді (Tuman, 1996:12). 1843 жылдан бастап қыздардың маман ретінде білім алуына жол ашылды. Осы жылы медицина мектебінде әйелдер акушерлік мамандығына оқуға мүмкіндік алды. 1905 жылы әскери медицинаның Хайдарпашаға көшкеннен кейін бұл жерде де акушерлік мамандық ашылды. 1870 жылы педагогикалық салада қыздарға арналған оқулар ашыла бастады. Халил Хамид «Исламдағы феминизм», Желал Нури «Қадындарымыз» атты еңбектерінде әйел құқықтарына реформа жасау керектігін айтты. 1912 жылы түрік ожағында әйелдер де қатысатын жиындар, конференциялар, концерттер ұйымдастыра бастады. Әйелдердің тұрмыс құру, ажырасу, мирас, оқу, саяси мәселелерге де қатысу керектігі туралы айтыла бастады. 1913-14 жылы ең алғаш әйел офицер болып жұмысқа алынған. 1920 жылы ең алғаш рет түрік әйелі Аффифе Ханум

Лале деген лақап атпен сахнаға шыққан. Тек Дахиле Назереттің әмірімен мұсылман әйелдер ғана сахнаға шығуға рұқсат етілмеген.

Түркия Республикалығын алғаннан кейінгі әйел статусы: Осман империясы құлап Түркия Республикасының алғашқы президенті Мұстафа Кемаль Ататүрік билігі кезінде әйелдерге статусына ерекше назар аударыла бастады. Мұстафа Кемаль әйелдер эмансипациясын қалады. Ол батыс әйелдері секілді түрік әйелдерінің де дәстүрді сақтай отырып, құқық пен бостандыққа ие болуын қолдады. 1917 жылы қабылданған «Отбасы құқығы» қарары 1926 жылы «Азаматтық құқықпен» ауыстырылды. Мұстафа Кемаль Ататүрік 3 наурыз 1924 жылы 430 нөмерлі «Техид ве тедрисат» заңында ұлдар мен қыздар бірдей заманауи форматта білім алуларын қамтамасыз етілсін делінген. Сондай-ақ 20 сәуір 1924 жылғы «негізгі ұйымдар» заңының 87 бабында «алғашқы білім беру міндеттері» қыздарды біліммен қамтамасыз ету деп өзгертілген (B.Göksel, 2016:94). Әйелдің де білім алу үлесін мақсат еткен Мұстафа Кемаль Ататүрік төрт негізгі шартты көздеді:

1. Әйел мен еркектің оқу және білім алуы тең болуы;

2. Әйелдің ең маңызды міндеті ана болу;

3. Әйелдің қоғамдық өмірдің барлық тарапында орны бар;

4. Әйелге аналық қызметін және қоғамдағы міндетін жақсы атқару үшін жоғары деңгейде білім беру. (Göksel, 2016:3).

Емел Доғрамажы әйелдерге білім беру теңдігін қамтамасыз ету мақсатын былай деп жіктейді:

– Түрік білім беру жүйесі зайырлы;

– Түрік білім беру жүйесінде жалғыз мектеп жүйесі ғана еді;

– Түрік білімі мемлекеттік және ұлттық;

– Түрік білімі демократиялық жүйе (Doğramacı, 1992:909).

Түрік әйелі үшін азаматтық заңның құқықтары мен еркіндіктері:

– Көп әйел алу заңсыздандырылды;

– Біржақты ажырасу тоқтатылды;

– Ата-анасының балаға қамқорлығы заң тұрғысынан теңестірілді;

– Үйлену жас ерекшеліктері бекітілді (еркектер – 17 жас, қыздар – 15 жас);

– Үйленуде темсил жолы тоқтатылып, екі жас ризашылығы мен куәгер және оларға жауапты (ата-ана) алдында орындалды;

– Мирас мәселесінде жыныс айырмашылығы тоқтатылды, қыз бен ұлға теңдей мирас бөлінді;

– Тұрмыстағы әйел күйеуінің рұқсатынсыз да мүлік жинай алды;

– Заң алдында жалғыз бір әйелде куәгер бола алады.

1926 жылы Түрік әйелдер бірлігінің басшысы Незихе Мухиддин ханым түрік әйелдерінің таңдау құқын алу және әлеуметтік өмірге атсалысу тақырыптарын қозғаған. 1927 жылдың наурызында Стамбулда жиналған «Түрік әйелдер бірлігі» конгресінде «Әйелдерге саяси құқықтар алу үшін жасалады» атты мақаласында ол: «Қатысушылар, біз табиғи заңды құқықтарымызды талап етеміз. Әр таңдауда талаптарымызды алға тартуды жалғастырамыз. Соңында азамат ретінде дауыс беру құқығын аламыз» деген (Göksel, 2016:50). 1930 жылдың 3 сәуір №1580 заңның 23-24 баптарына сай түрік әйелі алғаш рет мемлекеттік дауыс беру, сайлау және сайлауға түсу құқықтарына ие болды. 1934 жылы конституцияның 10-11 баптары ауыстырылып, әйел-еркек барлық түрік азаматтары 22 жасында депутат сайлауға және 30 жасында депутаттыққа сайлана алатын болды.

Біріккен Ұлттар ұйымы 1975 жылды «Халықаралық әлем әйелдері жылдары» деп атады. 19 маусым – 2 тамыз арасында Нью Мексикода 133 мемлекеттен бес мыңға жуық делегат және зерттеушілердің қатысуымен Халықаралық әлем әйелдері жылының конференциясы өтті.

1980 жылы ақпан Копенгагте «Біріккен ұлттар әйел құқықтары және мәртебесі комиссиясы» құрылып конференция өткізді. Бұл конференцияға 145 мемлекеттен 1323 делегат қатысып, 217 баяндама жасалды. 1985 жылы халықаралық екінші әлемдік әйелдер конференциясы 12 – 26 тамыз Африка, Кения астанасы Найробиде өтті.

80-жылдардан кейінгі және қазіргі түрік қоғамындағы әйел: Батыстан бастау алған феминистік қозғалыс Түркияға да өз әсерін тигізбей қоймады. 1982-1990 жылдары арасында Стамбул мен Анкара секілді үлкен қалаларда аз ғана адамдардан құралған феминистік топтар іс-шаралар жүргізе бастады. 1982 жылы Стамбулда алғаш рет феминистік сипаттағы қоғамдық симпозиум, 1983 жылы әйелдер статусына арналған саммит өткізілді. 1989 жылы Анкарада «Феминистік апта соңы» құрылтайы және т.б. әйелдерге арналған әртүрлі іс-шаралар ұйымдастырылды (Çakır, 1997:750-754). Түркиядағы тұңғыш әйел мәселелерін зерттеу және қолдау орталығын 1990 жылы Стамбул университетінде Недже Арат, Айсел Челикел және Туркан Сайлан секілді профессорлар құрды. Кейіннен осындай орталықтар

1993 Анкара университетінде, 1995 жылы Мармара университетінде де әйелдер мәселелерін зерттейтін екі орталық ашылды (Berktay, 1996:764). 1992 жылы азаматтық кодекстегі әйелдің жұмыс істеуі үшін күйеуінің рұқсаты керек болған 159 баптың күші жойылды. Тұрмыс құрған әйелге күйеуінің тегімен қоса өз тегін де қоса алуға рұқсат етілді (1997). Отбасын қорғау заңы қабылданды (1998). Әйелдер мәртебесі ұйымы (2004), әйелдерге қатысты зорлық-зомбылыққа қарсы ұлттық ұйымы (2007-2010) құрылды. «Заң алдындағы теңдік» туралы конституцияның 10 бабында: «Еркек пен әйел тең құқыққа ие. Мемлекет осы теңдікті жүзеге асыруға міндетті». Сондай-ақ 2015 жылдың мамыр айының 27-інде шыққан 2015/15 қаулысына сай ресми некеден бұрын діни неке қиғандарға және осы рәсімді жасаған діни қызметкер екі айдан алты айға дейін бас бостандығынан айыратын қылмыстық кодекстің 5237 бабының күші жойылды. Алайда мұндай заңды жою полигамияға жол ашып, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғауға кедергісін тигізуі де мүмкін. Себебі заңды некеге тұрмай діни некенен тұрмыс құрған әйел заң тұрғысынан мүлкін де, балаларының да құқын қорғай алмайтыны ақиқат (Каурак, 2016:310-312).

Араб елдерінің арасынан ең алғаш феминистік мәселелерді көтерген Египет Республикасы болғанымен, бұл елдердегі гендерлік жағдай 1952 жылғы революциядан кейін ғана бір жақты өзгере бастады. Себебі, бұл елдердегі көп әйелдердің пікірі бойынша, «Саясат – әйелдер араласатын іс емес» деген түсінік басым болды. Тіпті саясатқа араласқан әйелдерге де сын көзбен қарады. Бұл О. Вейнергердің: «Әйел эмансипациясының қарсыластарының бірі – әйелдердің өздері» деген пікірінің де дәлелі бола алады (Вейнергер, 1991:372). Тәуелсіздігін алғаннан кейінгі Египеттің негізгі мақсаты – әйелдердің саяси, экономикалық, азаматтық құқықтарын көтеру болды. 1954 жылы египеттік феминист Дория Шафик және 18 әйел бірігіп жаңа қабылданған конституцияда әйелдердің саяси, экономикалық құқықтары мен бостандықтарының жоқтығын арқау етіп аштық жариялады. (Harders, 1998:3). Олар президент Мұхаммед Нагибтан конституцияға әйелдер құқығын қосамыз деген хат алғаннан кейін ғана аштықты тоқтатты. 1956 жылы 23 маусымда ЕАР конституциясында: «Барлық египеттіктер заң алдында тең. Олардың өз құқықтарын және міндеттерін орындауында ешқандай ерекшелік жоқ (Конституция Республикасы Египет, 1956:19). Конституция египеттіктерге белсенді сайлау

және сайлану құқығын берді (Конституция Республики Египет, 1956:31). 1956 жылы сайлауға түскен әйелдер саны үш мың болды. 1964 жылы жеті миллионнан 17 мың әйел сайлауға өз кандидатураларын ұсынған. Алайда, әйелінің аты-жөнін сайланушылар қатарынан сызып тастауға күйеуінің де құқы болды (Васильев, 2000:181). 1957 жылы Египет тарихында алғаш рет екі әйел – Равийя Аттия мен Амина Шукри ұлттық жиналыс мүшелерінің қатарына өтті. 1962 жылы алғаш рет Каир университетінің профессоры Хикмет Абу Саид үкіметтегі әлеуметтік мәселелерге жауапты министр болып тағайындалды (Ahmed, 1992:210). Осылайша әйелдер біртіндеп саясатқа араласа бастады. 1964 жылы парламенттегі әйелдер саны сегізге жетті. Египет конституциясының 11 бабында «еректер мен әйелдер қоғамның барлық жағдайында тең» деп көрсетілген.

2000-2005 жылдарда Египет парламентіндегі 458 депутаттықтың 10 орнына әйелдер сайланған. Сол уақыттағы ЕАР Президенттің әйелі Сюзана Мубарак әйелдер құқын қорғайтын «Ұлттық әйелдер ұйымын» (2000 ж. 12 наурызда президент жарлығымен құрылған) басқарды. 2005 жылы Египет мүфтиі болған, мұсылмандар аппаратының басшысы шейх Фарид Наср Василь әйелдерге мемлекет басшылығына өз кандидатурасын ұсынуына діни тұрғыдан тыйым салатын пәтуа шығарды. Осы пәтуадан кейін президенттікке өз кандидатурасын ұсынған жалғыз әйел – 75 жастағы Навааль Саади болды. Алайда, ол кейін бұл ұсынысынан бас тартады. 2018 жылдың қараша айында «Расиф 22» газетінің берген мәліметі бойынша мұсылман мемлекеттеріндегі парламентте депутат болған әйелдер көрсеткіші мынадай: Тунис 213-тен 76 әйел – 35,75%, Египет 596-дан 86 әйел – 14,4 %, Судан 426-дан 130 әйел – 30,5%, Біріккен араб әмірлігі 40-тан 9 – 22,5%, Сауд Арабия 151-ден 30 әйел – 19,9%, Ирак 328-ден 64 әйел – 19,5%, Қатар 45-тен 4 әйел – 8,9 % т.б. [электронды ресурс, 2018].

Сонымен көріп отырғанымыздай, Түркия мен Египет Араб Республикасындағы гендерлік ұстанымдар мен билік тарапынан жүргізілген саясатта өзіндік ерекшеліктер бар екені айқын. Бұл өзгешеліктер осы елдерде орын алған мәдени-әлеуметтік жағдайлармен, діни дәстүрлермен тығыз байланысты. Сонымен

қатар бұл елдердегі феминистік қозғалыстар мен гендерлік ұстанымдарға модернизация үдерістері де өз ықпалын тигізгені байқалады.

Қорытынды

Аталмыш тақырып бүгінгі күндері батыс қоғамын ғана емес, шығыс елдерін, соның ішінде мұсылман қауымын да толғандырып отырған және қоғамдық өмірдің алуан түрлі салаларында көп талқыланатын маңызды мәселелердің бірі. Батыстан бастау алған әйел теңдігі немесе әйел статусы, гендерлік мәселе мен феминизация құбылыстары мен қозғалысы Азия мен Африка елдеріне де, мұсылман қоғамына өз әсерін тигізбей қоймады. Батыста орныққан гендерлік қатынастарды ислами әлеуметтік ортадағы гендерлік қатынастармен салыстыруға келмейді, себебі мұсылман қоғамындағы әйел статусы ислам дінінің негізінде қалыптасқан және әрқашан осы призмадан қарастырылады. Батысты шарпыған секуляризация үдерісі феминистік көзқарастар мен идеяларға да ықпал етті. Ал шығыстық дәстүрде әйелдің әлеуметтік, экономикалық, жыныстық ахуалын діннен бөліп қарастыра алмаймыз. Сондықтан халқының басым бөлігі ислам дінін ұстанатын елдерде гендерлік қатынастар мен ұстанымдардың, саясаттың өзіндік сипаты мен мазмұны болады. Сонымен қатар, батыста қалыптасқан стереотиптер ислам қоғамындағы гендерлік қатынастарды түсінуге, талдау мен зерттеуге кедергі келтіруі де мүмкін. Ислам дереккөздеріне зер салатын болсақ, ислам дінінде әйелге деген құрметтің жоғары болғанын байқаймыз. Ислам дінінде әйел адамға бірілген құқықтарын пайдалана отырып, заман ағымынан қалмай, өз отбасына, қоғамына, еліне қызмет ету әрбір мұсылман әйелінің борышы десек артық болмас. «Ұл тәрбиелей отырып, халықты тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлт тәрбиелейміз» – деп М.О. Әуезов атамыз айтқандай әрбір ұлтты тәрбиелеуде қыз баланың, әйелдің үлесі зор екені анық. Қарқынды дамып отырған қазіргі заманда әйел адам өз потенциалын ашып, қабілеттері мен мүмкіндіктеріне қарай қоғамның прогрессивті дамуына өз үлестерін қосуы тиіс, ал мемлекет пен қоғам оның осы мүмкіндіктері мен әлеуетін жүзеге асыруына жағдай жасауы керек деп ойлаймыз.

Әдебиеттер

- Chase A. 2007. The transnational Muslim world. The foundations and origins of human rights and their on going intersections. *Muslim world journal of human rights*. 4(1):1-14.
- Gates D.K. Steane P. 2009. 'Political religion – the influence of ideological and identity orientation'. *Totalitarian movements and political religions* 10 (3-4):303-25.

- Mir-Hosseini, Z., V. Hamzic. 2010. Control and sexuality: the revival of zina laws in Muslim contexts. London: Muslim living under Muslims laws, p.49.
- Ayten Can Tuman. 1996. Türkiye'de feminizm hareketi. Yüksek lisans tezi. Antalya, 13 б.
- Ayten Can Tuman. 1996. Türkiye'de feminizm hareketi. Yüksek lisans tezi. Antalya, 12 б.]
- Afet İnan, 1968. Atatürk ve türk kadın haklarının kazanılması, İstanbul, 34-35 б.
- Ahmed L. 1992. Women and Gender in Islam. London, 210-211б.
- Annelies Moors, 1999. «Debating Islamic Family Law: Legal Texts and Social Practices,» 141–75, Margaret L. Meriwether, Judith E. Tucker, eds., Social History of Women and Gender in the Modern Middle East Boulder: Westview Press, 151 б.
- Anthony Reid, 1993. Southeast Asia in the Age of Commerce 1450–1680, Vol. 2: Expansion and Crisis. New Haven: Yale University Press, 132–201 б.
- B.Göksel. 2016. Atatürk ve kadın hakları, türk kadının siyasi haklarını kazanışının 50, 918-946.
- Baderin M.A. 2007., Moustafa Y. 2011. The Islamisation in human rights: 'implication for gender and politics in the middle East' IDS Bulletin 42 (1):21-25 б.
- Berktaş, 1996. Türkiye'de kadınlık durumu, 764 б.
- E.Doğramacı, 1992. Atatürk ve kadın hakları. Atatürk araştırma merkezi Dergisi, Ankara, 909 б.
- B.Göksel, 2016. Atatürk ve kadın hakları, türk kadının siyasi haklarını kazanışının 50
- Harders C. 1998. Women and Politics in Egypt: Investigations on the Situation of Egyptian Politicians. H., 3 б.
- Jennifer Olmsted, 2003. «Reexamining the Fertility Puzzle in the Middle East and North Africa,» 73–92, in Eleanor Doumato and Marsha Pripstein Posusney, eds., Women and Globalization in the Arab Middle East: Gender, Economy and Society.
- John C. Caldwell, 1988. Theory of Fertility Decline (London: Academic Press, 1982); and Deniz Kandiyoti, «Bargaining with Patriarchy,» Gender and Society, 2, no. 3 274–90 б.
- John L. Esposito, Natana J., 2001. Women in Muslim Family Law, 2nd ed. (Syracuse, NY: Syracuse University Press, , orig., 1982. P.37).
- Jordan in Amira El-Azhary Sonbol, 2003. Women of Jordan: Islam, Labor and the Law. Gender, Culture, and Politics in the Middle East Series (Syracuse, NY: Syracuse University Press.
- Kırkpınar, 2009. Türkiye'de toplumsal değişme ve kadın, s.92]. Leyla Kırkpınar, Türkiye'de Toplumsal Değişme ve KADIN, Zeus yay., İzmir, 357 б.
- Lawrence Krader, 1963. Social organization of the Mongol-Turkic pastoral nomads, Bloomington ind. P.167.
- Meral Altındal, 1994. Osmanlı'da kadın, Altın kitaplar yayınları, İstanbul, 9 б.
- Muharrem Ergin, 2003. Dede Korkut kitabı, 165,184 б.
- Nagat El-Sanabary, 1998. «Women in Some Liberal Modernizing Islamic Countries,» 515–23, in Nelly P. Stromquist and Karen Monkman, eds., Women in the Third World: An Encyclopedia of Contemporary Issues, New York.
- Quarterly journal of the Institute for Women's Studies in the Arab World, 1998. Lebanese American University, Beirut, Al-Raida 15, nos. 80-81 б.
- Reuben Levy, 1957. The social structure of islam. Cambridge, 128 б.
- Saad Eddin Ibrahim, 2000. «Arab Social-Science Research in the 1990s and Beyond: Issues, Trends, and Priorities» (Canada: International Development Research Centre)] Research and Development in the Middle East and North Africa, Cairo, p.129.
- Şafak Kaypak, 2016. Türkiye'de kadının insan hakları ve anayasal yansımaları, Journal of Graduate School of Social Sciences. 310-312 б.
- Şefika Kurnaz, II Meşrutiyet döneminde türk kadını, İst., 13 б.
- Serpil Çakır, 1997. Türkiye'de feminizmin dünü ve bugünü, İstanbul, том 13, 750-754 б.
- Tülin Akaya, 1998. kadın örgütlenmelerinin toplumsal dönüşümdaki rolleri, İst., 35 б.
- Valentine M. Moghadam, 2004. «Patriarchy in Transition: Women and the Changing Family in the Middle East,» Journal of Comparative Family Studies, 35 no. 2, 63 б.
- Wael B. Hallaq, 2005. The Origins and Evolution of Islamic Law. New York: Cambridge University Press, P.4.
- H.Clark, for H. Faithorne, J. Adamson, C. Skegnes, T. Newborough, 2015. The travelers of Monsieur de thevenot into the levant London, 57 б.
- Myra Marx Ferree, Shamus Khan, and Shauna A. Morimoto, 2005. «Assessing the Feminist Revolution: The Presence and Absence of Gender in Theory and Practice. p.23.
- WISTAT, 2000. the Women's Indicators and Statistics Database, Reference CD-ROM, Haggard 2, p.5.
- Y.Büyükkalın, 1990. Atatürk ve türk kadın hakları , Atatürk dizisi 23 б. Atatürk haftası armağanı, ATASE, Ankara, 208 б.
- Yvonne Haddad, 1997. Muslim minorities in the west, New York. P.97]
- Ziya Gökalp, Türçülüğün Esasları, 182 б.
- Ziya Gökalp, 1976. Türk medeniyeti tarihi, İst., 139-145 б.
- Васильев М.А., 2000. Египет и египтяне. М., 181 б.
- Вейнингер О. 1991. Пол и характер: Мужчины и женщины в мире страстей. М., 372 б.
- Конституция Республики Египет, 1956. М., 19 б.
- Конституция Республики Египет, 1956. М., 31 б.
- Савельева Е. А. 2015. Панарабизм СМИ стран Аравийского полуострова. – СПбГУ, Ин-т ВШЖиМК. 102 б.
<http://medina-center.ru/10-stran-s-samoj-bol-shoj-chislennost-yu-musul-man>
<https://raseef22.com/politics/2018/08/11/البرلمان-في-النساء-في-البرلمان/>].

References

- Afet İnan, 1968. Atatürk ve türk kadın haklarının kazanılması, İstanbul, 34-35 б.
- Ahmed L. 1992. Women and Gender in Islam. London, 210–211б.
- Ayten Can Tuman. 1996. Türkiyeде feminizm hareketi. Yüksek lisans tezi. Antalya, 13 б.
- Ayten Can Tuman. 1996. Türkiyeде feminizm hareketi. Yüksek lisans tezi. Antalya, 12 б.
- Annelies Moors, 1999. “Debating Islamic Family Law: Legal Texts and Social Practices,” 141–75, Margaret L. Meriwether , Judith E. Tucker, eds., Social History of Women and Gender in the Modern Middle East Boulder: Westview Press, 151 б.
- Anthony Reid, 1993. Southeast Asia in the Age of Commerce 1450–1680, Vol. 2: Expansion and Crisis. New Haven: Yale University Press, 132–201 б.
- Baderin M.A. 2007., Moustafa Y.2011. The Islamisation in human rights: ‘implication for gender and politics in the middle East’ IDS Bulletin 42 (1):21-25 б.
- Berktaş, 1996. Türkiyeде kadınlık durumu, 764 б.
- Clark H., for H. Faithorne, J. Adamson, C. Skegnes, T. Newborough, 2015. The travelers of Monsieur de thevenot into the levant London, 57 б.
- Doğramacı E., 1992. Atatürk ve kadın hakları. Atatürk araştırma merkezi Dergisi, Ankara, 909 б.
- Gates D.K. Steane P. 2009. ‘Political religion – the influence of ideological and identity orientation’. Totalitarian movements and political religions 10 (3-4):303-25.
- Göksel B. 2016, Atatürk ve kadın hakları, türk kadının siyasi haklarını kazanışının 50,
- Göksel B., 2016. Atatürk ve kadın hakları, türk kadının siyasi haklarını kazanışının 50
- Harders C., 1998. Women and Politics in Egypt: Investigations on the Situation of Egyptian Politicians. H., 3 б.
- Chase A. 2007. The transnational Muslim world. The foundations and origins of human rights and their on going intersections. Muslim world journal of human rights. 4(1):1-14. 918-946.
- Jennifer Olmsted, 2003. “Reexamining the Fertility Puzzle in the Middle East and North Africa,” 73–92, in Eleanor Doumato and Marsha Pripstein Posusney, eds., Women and Globalization in the Arab Middle East: Gender, Economy and Society.
- John C. Caldwell, 1988. Theory of Fertility Decline (London: Academic Press, 1982); and Deniz Kandiyoti, “Bargaining with Patriarchy,” Gender and Society, 2, no. 3 274–90 б.
- John L. Esposito, Natana J., 2001. Women in Muslim Family Law, 2nd ed. (Syracuse, NY: Syracuse University Press, , orig., 1982. P.37).
- Jordan in Amira El-Azhary Sonbol, 2003. Women of Jordan: Islam, Labor and the Law. Gender, Culture, and Politics in the Middle East Series (Syracuse, NY: Syracuse University Press.
- Kırkpınar, 2009. Türkiyeде toplumsal değişme ve kadın, s.92]. Leyla Kırkpınar, Türkiye’de Toplumsal Değişme ve KADIN, Zeus yay., İzmir, 357 б.
- Konstitutsia Rspubliki Egypt. 1956. M., 19 б.
- Konstitutsia Rspubliki Egypt. 1956. M., 31 б.
- Lawrence Krader, 1963. Social organization of the Mongol-Turkic pastoral nomads, Bloomington ind. P.167.
- Meral Altındal, 1994. Osmanlıda kadın, Altın kitaplar yayınları, İstanbul, 9 б.
- Mir-Hosseini, Z., V. Hamzic. 2010. Control and sexuality: the revival of zina laws in Muslim contexts. London: Muslim living under Muslims laws, p.49.
- Muharrem Ergin, 2003. Dede Korkut kitabı, 165, 184 б.
- Myra Marx Ferree, Shamus Khan, and Shauna A. Morimoto, 2005. “Assessing the Feminist Revolution: The Presence and Absence of Gender in Theory and Practice. p.23.
- Nagat El-Sanabary, 1998. “Women in Some Liberal Modernizing Islamic Countries,” 515–23, in Nelly P. Stromquist and Karen Monkman, eds., Women in the Third World: An Encyclopedia of Contemporary Issues, New York.
- Quarterly journal of the Institute for Women’s Studies in the Arab World, 1998. Lebanese American University, Beirut, Al-Raida 15, nos. 80-81 б.
- Reuben Levy, 1957. The social structure of islam. Cambridge, 128 б.
- Saad Eddin Ibrahim, 2000. “Arab Social-Science Research in the 1990s and Beyond: Issues, Trends, and Priorities” (Canada: International Development Research Centre)] Research and Development in the Middle East and North Africa, Cairo, p.129.
- Şafak Kaypak, 2016. Türkiye’de kadının insan hakları ve anayasal yansımaları, Journal of Graduate School of Social Sciences. 310-312 б.
- Saveleva E.A. 2015. Panarabizm SMI stran Araviskogo poluoostrova. SPbGU. 120 б.
- Şefika Kurnaz, II Meşrutiyet döneminde türk kadını, İst., 13 б.
- Serpil Çakır, 1997. Türkiyeде feminizmin dünü ve bugünü, İstanbul, том 13, 750-754 б.
- Tülin Akaya, 1998. kadın örgütlenmelerinin toplumsal dönüşümdaki rolleri, İst., 35 б.
- Valentine M. Moghadam, 2004. “Patriarchy in Transition: Women and the Changing Family in the Middle East,” Journal of Comparative Family Studies, 35 no. 2, 63 б.
- Vasilev M.A., 2000. Egypt i egyptiane. Moskva, 181 б.
- Veininger O.1991. Pol I karakter: muzhina I zhenshina v mire strastei. M., 372 б.
- Wael B. Hallaq, 2005. The Origins and Evolution of Islamic Law. New York: Cambridge University Press, P.4.
- WISTAT, 2000. the Women’s Indicators and Statistics Database, Reference CD-ROM, Haggard 2, p.5.
- Y. Büyükkalın, 1990. Atatürk ve türk kadın hakları , Atatürk dizisi 23 б. Atatürk haftası armağanı, ATASE, Ankara, 208 б.
- Yvonne Haddad, 1997. Muslim minorities in the west, New York. P.97]
- Ziya Gökalp, 1976. Türk medeniyeti tarihi, İst., 139-145 б.
- Ziya Gökalp, Türçülüğün Esasları, 182 б.
- <http://medina-center.ru/10-stran-s-samoj-bol-shoj-chislennost-yu-musul-man>
<http://raseef22.com/politics/2018/08/11/الحضور-ضيق-الكتن-فارق-النساء-في-البرلمان>.